

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ
Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасы

ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**6B02201 - «Тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы»
білім бағдарламасының студенттеріне арналған**

Атырау, 2023

Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі
«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ



Бекітемін

Академиялық мәселелер
жөніндегі проректор

А.Е. Чукуров

«31» 01 2023ж.


ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ


6B02201 - «Тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы»
білім бағдарламасының студенттеріне арналған

Бағдарлама білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу ережелері негізінде
әзірленген (СМЖ №025)


Құрастырушылар: аға оқытушы, магистр  А.Джамбаулова


Кафедра мәжілісінде ұсынылған
Хаттама № 5 «17» 01 2023 ж.

Кафедра менгерушісі  Д.Ж. Алипова

Факультеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданған 
«26» 01 2023 ж. Хаттама № 5

ОӘК төрағасы _____

КЕЛІСІЛДІ
Факультет деканы  Б.Б. Қорған «___» _____ 2023 ж.

ББАСАЖДҚК басшысы  «30» 01 2023 ж.

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданған
«30» 01 2023 ж. Хаттама № 3

1. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты мен міндеттері

Қорытынды аттестаттау бакалавриат бітірушінің білім беру бағдарламасын меңгеру сапасын және оның қажетті құзыреттерді меңгеру дәрежесін кешенді тексеру. Қорытынды аттестаттау студенттің ғылыми зерттеу қызметінің нәтижелері бойынша бітіру емтиханның дайындау және тапсыру немесе диплом жұмысын (жобасын) қорғау. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты 6B02201 - «Тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы» білім бағдарламасы бойынша білім алушылардың кәсіби даярлық деңгейінің Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің студенттерді даярлау бағыты бойынша талаптарына сәйкестігін белгілеу.

Қорытынды аттестаттаудың міндеттері:

- Отандық және дүниежүзі тарихының ауқымды мәселелері шеңбері бойынша теориялық және фактологиялық білім деңгейін;
- Тарихи деректерді игеріп, ғылыми әдебеттерге сыни талдау жасай алуын;
- Тарихи терминдер мен ұғымдарды жеткілікті деңгейде игергендігін;
- Берілген сұрақтарға жауап беруде жалпы ғылыми дедукция, индукция, синтез, талдау, аналогия әдісі, ретроспекция, өзектілендіру сияқты әдістерін пайдаланудағы эвристикалық және аналитикалық мүмкіндіктерін;
- Отандық және дүниежүзі тарихының әртүрлі мәселелері бойынша маман ғалымдардың еңбектерін білуін;
- Отандық және дүниежүзі тарихының әртүрлі кезеңдері тарихи деректерінің негізгі кешендерін білуін;
- Материалды жеткізуде тарихи карталар мен сызбаларды пайдалану алуын;
- Өз ойын логикалы, дәлелді, дәйекті жеткізе алу, шешендік өнері мен өз пікірін қорғай алу мүмкіндігін айқындау.

2. Қорытынды аттестаттауға енгізілетін құзыреттіліктер

Қорытынды аттестаттау кезінде студент келесі құзыреттердің қалыптасуын көрсетуі керек.

2.1. Әмбебап (базалық) құзыреттіліктер (ӘҚ):

Әмбебап (базалық құзыреттілік) – маманның әмбебап, зияткерлік, коммуникативтік, эмоционалды және еріккүштік қасиеттерге (білім, дағдылар, қасиеттер мен қабілеттер) негізделген кәсіби міндеттер жиынтығын шешу қабілеті.

- Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын мен ерекшеліктерін терең түсінуге және ғылыми талдауға негізделген азаматтық ұстанымды көрсету;

- философия, әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психологияның негізгі білімдерін ескере отырып, тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби коммуникацияның әртүрлі салаларындағы жағдайларды бағалау.

2.2. Жалпыкәсіптік құзыреттер (ЖКК):

Жалпы кәсіби құзыреттілік-маманның кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ықпалдастырылған білім, дағдылар мен тәжірибе, сондай-ақ жеке қасиеттер негізінде кәсіби міндеттер жиынтығын шешу қабілеті.

- тұлғааралық міндеттерді шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша нысанда коммуникацияланған;

- мәдениетаралық және өндірістік (кәсіптік) қарым-қатынас жасай біледі;

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін қолдануға қабілетті; онлайн-оқытудың, электрондық оқытудың, желілік коммуникацияның цифрлық құралдарымен жұмыс істеуге дағдыланған; желілік бірлескен қызмет үшін оқу-танымдық

тапсырмаларды әзірлей біледі; цифрлық сабақтардың сценарийін, кашықтықтан білім беру оқиғаларын жасайды;

- өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру, дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтына бағдарланған;

2.3. Кәсіптік құзыреттер (КҚ):

Кәсіби құзыреттілік – маманның нақты білім, білік, дағды негізінде таңдалған қызмет саласындағы кәсіби міндеттер жиынтығын шешу қабілеті.

(Тек осы ББ бағдарланған кәсіби қызмет түрлеріне сәйкес келетін кәсіби құзыреттер ғана тізімделуі керек.)

Білу керек:

- Әлеуметтік, гуманитарлық және тарих ғылымдарының негізгі құралдарын пайдалану, тарихи зерттеудің негізгі әдістерін қолдану;

- тарихнамалық есепті шешу кезінде маңызды ғылыми әдебиеттерді, библиографиялық және басқа да ақпараттық көздерді анықтауды;

Істей білу:

- жанартылған білім беру мазмұнының құжаттамасымен жұмыс істей алады (ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар, электрондық журнал және мектеп құжат айналымы, зерттеулерді жоспарлау әдістері мен деректерді өңдеу тәсілдерін қолдана алады; критериалды бағалау әдістерін қолдана алады) және т. б.;

Біледі:

- ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін әлемдік тарихи процестің аймақтық және жергілікті ерекшеліктерінің жалпы көрінісін біледі;

- оқытушылық қызметте психология және педагогика, арнайы тарихи пәндер саласындағы білімді пайдаланады, оқу процесін ұйымдастыру және талдау, сабақты дайындау және өткізу әдістемесі бойынша базалық білім мен практикалық тәжірибені пайдалана біледі;

Меңгеру керек:

- әлеуметтік-мәдени өзара іс-қимыл және ынтымақтастық процестерімен байланысты дағдыларды, командада жұмыс істеу қабілетін меңгереді;

- ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін біледі және оларды гуманитарлық ғылымдар саласында қолданады; гуманитарлық ғылымдар, мамандандырылған ғылыми мекемелер саласында арнайы әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді;

- тарихи білімнің құрылымын, оқу материалының компоненттерін біледі, оқыту әдістерін таңдай алады, пәнаралық тәсілді қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістемесі мен әдіснамасын меңгереді, ғылыми және әлеуметтік мәселелерді өз бетінше ажырата және шеше алады, тарихи процестің қозғаушы күштері мен жалпы заңдылықтарын, қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-саяси ұйымының ерекшеліктерін түсінеді.

3. Қорытынды аттестаттау көлемі, құрылымы және мазмұны

Университетте қорытынды аттестаттау дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау немесе кешенді емтиханды тапсыру түрінде өткізіледі. Қорытынды аттестаттау кемінде 12 академиялық кредитті құрайды. ҚА ұзақтығы – 6 апта.

Білім беру бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау мыналарды қамтиды:

- дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау және қорғау;
- кешенді емтихан тапсыруға дайындық және тапсыру.

3.1 Кешенді емтихан

Кешенді емтиханның мақсаты – түлектің кәсіби дайындық деңгейін және оның кәсіби қызметі саласындағы практикалық мәселелерді шешуге қабілеттілігін анықтау.

Кешенді емтихан аттестаттау комиссиясының ашық отырысында билеттер бойынша ауызша форматта өткізіледі. Кешенді емтихан алдында білім алушыларға қорытынды аттестаттауға шығарылатын мәселелер бойынша кеңес беру жүргізіледі.

Кешенді емтихан келесі пәндер бойынша сұрақтарды қамтиды.

- Қазақстан тарихы (ежелгі заманнан қазіргі заманғы дейінгі кезеңдер)
- Дүниежүзі тарихы (ежелгі заманнан қазіргі заманғы дейінгі кезеңдер)
- Деректану, музейтану, мұрағаттану

Кешенді емтихан бір кезеңде өткізіледі: аттестаттау комиссиясының ашық отырысында билеттер бойынша емтихан тапсыру. Билеттер бойынша емтихан өткізу кезінде емтихан тапсырушыға жауап беруге дайындалу үшін 1сағат беріледі. Емтихан билетінің сұрақтарына білім алушы көпшілік алдында жауап береді. АҚ мүшелері қарастырылып отырған тақырыптар бойынша білім алушының білім тереңдігін анықтау мақсатында қосымша сұрақтар қоюға құқылы. Емтихан билетінің сұрақтарына ауызша жауап беру ұзақтығы 30 минуттан аспауы тиіс. Емтиханға жауап беруге дайындық барысында осы ҚА бағдарламасын және осы бағдарламаның 3.3-тармағында көрсетілген әдебиеттерді пайдалануға рұқсат етіледі.

3.2 Кешенді емтиханға шығарылатын сұрақтары бар пәндер тізбесі

Қазақстан тарихы (ежелгі заманнан қазіргі заманғы дейінгі кезеңдер) пәні бойынша

1. Қазақстан нарықтық экономикаға өту жағдайында. Жаңа экономикалық жүйені қалыптастыру жолындағы қиындықтар мен қарама-қайшылықтар
2. XXғ. басындағы Қазақстан мәдениеті. Шәкәрім, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Сералин және т.б.
3. Қазақ қоғамының құқықтық нормалары. Тәуке ханның «Жеті Жарғысы»
4. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс. Себептері, алғышарттары, ерекшеліктері және тарихи маңызы
5. Қазақ хандығының құрылуы, барысы және негізгі оқиғалары. Керей және Жәнібек
6. 1836-1838 жж. И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған Бөкей хандығы қазақтарының көтерілісі
7. «Алаш» қозғалысы және ұлттық мемлекет идеясы
8. Ұлы Отан соғысының ірі шайқастарына қазақстандықтардың қатысуы
9. Қазақстандағы 1867-1868 жж. реформалар. 1886-1891 жж. реформалар бойынша әкімшілік және сот жүйесіндегі өзгерістер
10. Ортағасырлық Қазақстанның қала мәдениеті. Қалалардың саяси, сауда, қолөнер, мәдениет орталықтары ретіндегі қызметі
11. 1837-1847 жж. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс
12. Кіші жүздің Ресейге қосыла бастауы. Әбілқайыр хан
13. Қазақстан тарихы пәні, мақсаты мен міндеттері. Қазақстан тарихының кезеңдері
14. Қазақстанға орыс шаруаларының қоныс аудару бастауы. Қоныс аудару қозғалысы
15. Алаш зиялыларының 1921 жылғы аштық пен оның зардаптарымен күресі. 1921-1922 жж. жер-су реформалары
16. «Хрущевтік жылымық» кезеңіндегі Қазақстан
17. Қазақ-жоңғар соғыстары. Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама жылдары
18. Қазақ АССР-нің құрылуы және қазақ жерінің территориялық тұтастығын қалпына келтіру
19. Қола дәуіріндегі Андронов мәдениеті. Андронов тайпасының шаруашылығы және рухани мәдениеті
20. Қазақстан жаңа экономикалық саясат жылдарында. Ауылдағы «таптық» реформалар, қазақтардың дәстүрлі шаруашылық жүйесінің бұзылуы
21. 1783-1797 жж. Сырым Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі
22. Саяси қуғын-сүргін жылдарындағы ұлт зиялыларының қасіретті тағдыры
23. Қазақстандағы индустрияландыру саясаты: сипаты, көлемі, қарқыны
24. Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру. 1931-1933 жж. аштық және оның зардаптары
25. Қазақ халқының этногенезі. «Қазақ» атауы. Жүздер және олардың рулық бірлестіктері
26. XIX ғ. екінші жартысындағы Қазақстан мәдениеті (Абай, Шоқан, Ыбырай, Құрманғазы және басқалары)
27. Ресейдің қазақ даласын отарлау саясатының басталуы. Әскери бекіністер шебінің құрылысы
28. XVI-XVII ғғ. Қазақ хандығы (Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім және т.б.)
29. Қазақстан Алтын Орда құрамында. Алтын Орданың мемлекеттік құрылымы және этникалық құрамы
30. Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы. Себептері, зардаптары, тарихи маңызы
31. Түрік қағандығының құрылуының тарихи маңызы
32. Кенес мемлекетінің ұлттық және әлеуметтік саясаты

Дүниежүзі тарихы (ежелгі заманнан қазіргі заманғы дейінгі кезеңдер) пәні бойынша

1. Европадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы: құрылуы, даму кезеңдері
2. Империалистік отарлық жүйенің қалыптасуы. Метрополиялар мен отарлар
3. Англиядағы М.Тэтчер бастаған консервативтік үкімет саясаты
4. 1944-1989 жж. Шығыс Еуропа елдері
5. Қазіргі кезеңдегі жалпы еуропалық интеграцияның дамуы. Еуропа Одағының құрылуы
6. XXғ. екінші жартысындағы «қырғи қабақ соғыс» жағдайы: басталуы, кезеңдері
7. Шанхай ынтымақтастық ұйымы
8. Африкада отарлық жүйесінің күйреуі және «жаңа отаршылдық»
9. XXғ. аяғы мен XXI ғ. басындағы АҚШ
10. Кариб дағдарысы: себептері, нәтижелері
11. Кеңестік тоталитарлық мемлекет: сипаты, белгілері
12. Қазіргі кездегі Түркия
13. XIX ғ. 60-70 жж. Ресейдегі буржуазиялық революция
14. 1898-1914 жж. империалистік қайшылықтардың шиеленісуі. Шығысты қайта бөлу саясаты
15. Ұлы Француз революциясының басталу кезеңдері, нәтижесі және тарихи маңызы
16. XXғ. басындағы Қытай, Синьхай революциясы
17. Ағылшын буржуазиялық революциясы: кезеңдері және нәтижесі
18. Цинь династия тұсындағы Қытай. «Оқшалану» саясаты, оның мәні
19. КСРО-ның ыдырауының себептері. Варшава шарты мен ЭОКК-нің ыдырауы
20. Моголдар империясының ыдырауы оның себептері және Үндістанның ағылшын отарына айнала бастауы
21. Екінші дүниежүзілік соғыс қорытындыларының Шығыс елдеріне әсері. Дамушы елдер мәселесі
22. Таяу Шығыс проблемасы: қазіргі жағдайы, шешу жолдарын іздестіру
23. Тегеран, Қырым, Потсдам конференциялары және олардың шешімдері
24. Екінші дүниежүзілік соғыс себептері, басталуы, кезеңдері
25. Қазіргі кездегі Қытай Халық Республикасы. Қытай тарихындағы Дэн Сяопиннің ролі
26. Жаһандану процесі: оның белгілері
27. Германиядағы нацистік диктатура: ішкі және сыртқы саясаты
28. Қазіргі кезеңдегі Ауғанстан мәселелері
29. АҚШ-тағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыс (1929-1933). Рузвельттің «жаңа бағыты»
30. Гандизм идеологиясының ерекшеліктері

Деректану, музейтану, мұрағаттану

1. Дүниежүзі тарихы деректемесі пәні, мақсаты мен міндеттері. Жазба деректердің маңыздылығы. Жазба деректермен жұмыс жасау әдістері.
2. Эллинистік кезеңдегі грек түп деректері. Эллинистік тарихи дәстүр түсінігі
3. Деректанулық талдаудың негізгі белгілері. Деректанудың түрлері мен типтері.
4. Әртүрлі тарихи кезеңдерге тән тарихи деректер
5. Антик және ерте ортағасыр авторларының жазбалары
6. Ежелгі Египет тарихы бойынша антик және шығыс деректері
7. Антик авторларының еңбектері (Геродот-«Тарих». Страбон-«География» және т.б.), деректік негіздері және маңызы
8. Тарих ғылымында деректердің базалық ролін анықтаңыз
9. Қазақстандағы түркі дәуірінің ескерткіштері: Құлтегін, Тоныкөк жазбаларындағы мәліметтерді саралаңыз, ондағы тұжырымдардың қазіргі заман үшін маңыздылығын талдаңыз
10. Архивтік құжаттар – дерек ретінде. Архив құжаттарын деректік талдау
11. Кейінгі орта ғасырлардағы Қазақстан жайлы деректер (монғол, араб, парсы деректері)
12. Ресейдің Қазақстанды отарлау саясатын тікелей іске асырушы жергілікті мекемелерінің (Батыс Сібір, Орынбор) материалдары
13. Халық ауыз әдебиеті – тарихи дерек. Фольклордың классификациясы
14. Заңдық актілер дереккөзі ретінде. Қазақ хандығы тұсындағы заңдық Жарғылар («Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы», «Жеті Жарғы») және Қазақстан Республикасының Конституциясы
15. Тарихи деректегі шежіренің орны, ерекшеліктері және маңызы
16. Музей ісінің негізгі ұғымдары: музей жәдігері, музей, музей ісі
17. Қазақстандағы музейлердің тарихы. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі
18. Музей ісі және оның бағыттары. Музей типтері
19. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің тарихы
20. Музей қорларын жинақтау, есепке алу және сақтау. Музейлік маркетинг және менеджмент
21. Музей жинақтарының мазмұны, тарихы, классификациясы
22. Жаңа музейлердің қалыптасуы. Ірі музейлер және Қазақстан Республикасының музей-қорықтары
23. Музейлердің ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыттары және түрлері
24. Архивтану пәні, міндеттері. Архивтанудың тарихи пәндермен байланысы
25. Қазақ өлкесінде архив ісінің қалыптасуы. Бөкей хан, құжаттарды сақтаудағы оның ролі
26. Қазақстандағы архив ісі. Архив ісін ұйымдастырудың міндеттері мен принциптері
27. Құжаттық қор және қор ұйымдастырушы. Құжаттарды классификациялау
28. Архив құжаттарының құндылықтарын анықтаудың міндеттері мен принциптері. Құжаттарды есепке алудың ережелері мен тәртібі
29. Архивтегі құжаттарды сақтау жүйесі. Консервация және реставрация
30. Архив құжаттарын орналастыру. Құжаттарға ғылыми-анықтамалық жүйе жасақтау
31. Ұйымдар мен кәсіпорындар архивы жұмысының заманауи әдістемелік базасы.

3.3 Кешенді емтиханда пайдалануға рұқсат етілген әдебиеттер тізімі (бар болса)

1. Аяған Б. Қазақстан қазіргі заман тарихы.-Алматы, 2014
2. Абдулов А. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Атырау облысы халқының күнделікті өмір тарихы. А. Абдулов.- Атырау, 2019.
3. Аминов Т.М. Современная история Казахстана [Текст]: Учебное пособие / Т.М. Аминов.- Алматы: Бастау, 2017
4. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. 3 томдық.-Алматы, 2021
5. Артықбаев Ж.О. Қазақстан тарихы (ғылыми - танымдық басылым) [Мәтін]: 2-басылымы, өңделген / Ж.О. Артықбаев.- Алматы: Атамұра, 2013.- 552 б. Әминов Т.М. Қазіргі Қазақстан тарихы.-Алматы: Бастау, 2016- 472 б
6. Акимбеков С.М. История степей: феномен государства Чингисхана в истории Евразии [Текст]: 2 -е изд., испр. и доп. / С.М. Акимбеков.- Алматы: ТОО "Институт Азиатских исследований", 2016.- 912 с.
7. Алимгазинов К. Современные технотронные источники: информационный анализ исторических гипертекстов. А., 2016
8. Ахмет А.Қ. Қазақстандағы мұрағат ісінің тарихы (1918-1991жж.). [Мәтін] / А. Ахмет.- Алматы: "Елтаным баспасы", 2013.- 384б.
9. Ахметова Ұ. Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясы [Мәтін]: Монография / Ұ. Ахметова.- Алматы: Арыс, 2013.- 316 (2) б.
10. Әбжан Х. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. А., 2017
11. Әмірханов М.Б., Сандықбаева Ө.Д. Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы [Мәтін]: Оқу құралы / Сандықбаева Ө.Д. Әмірханов М.Б.- Алматы: Заң әдебиеті, 2007.- 62б.
12. Әминов Т.М. Қазіргі Қазақстан тарихы.-Алматы: Бастау, 2016- 472 б
13. Әліпбаева А.2. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-2009 жж.). А., 2013
14. Әлімгереев.Ө. Бөкей хан [Мәтін] / Әлімгереев.Ө.- Атырау: Атырау-Ақпарат, 2015.- 254 б.
15. Барнард, А. Антропология тарихы мен теориясы [Мәтін] / А. Барнард.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 240 б.
16. Байжумин Ж. Туран.Адамзат қоғамының тарихына көзқарас. Бірінші -Төртінші дәптер [Мәтін] / Ж. Байжумин.- Алматы: Арыс, 2013
17. Всемирная история средних веков.Учебник для 7 класса общеобразовательной школы [Текст]: 3-изд. доп. и переработ. / Машимбаева С.М., Тортаев С.А., Маженова М., Ткаченко В.С.- Алматы: Атамұра, 2012.- 232с.
18. Бердіғожин Л. Қазақстанның Батыс өлкесіндегі ұлттық интеллигенция. Алматы: Атамекен баспасы, 2019.- 248 бет.
19. Бүркітбай А. Ұлық Ұлыс-Алтын Орда мемлекеті тарихы [Мәтін]: Дәрістер жинағы / А. Бүркітбай.- Алматы: ЖШС "Литера-М", 2020.- 216б.
20. Бірімжаров Б. Бөкей Ордасы [Мәтін]: Монография / Б. Бірімжаров.- Оравл: Полиграфсервис, 2017.- 220 б.
21. Галкин Л.Л.и.др. Средневековое городище Актобе-Лазти (XIII-XV). [Текст] / Л.Л.и.др Галкин; Касенов М.С., Афанасьев В.К.- Атырау: АГУ им. Х.Досмухамедова, 2013.- 59с.+41с. фоторисунки.
22. Ғизатов Ж. Сарайшық-Астана қала [Мәтін] / Ж. Ғизатов.- Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004.- 192 б.
23. Дахшлейгер Г.Ф. Избранные труды [Текст] / Г.Ф. Дахшлейгер.- Алматы: Изд-во "Елтаным", 2015.- 616 с.
24. Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері [Мәтін] / Л. Джорданова.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2020.- 376б.

25. Динашева, Л. Түркі мемлекеттерінің тарихы [Мәтін]: Оқулық / Л. Динашева.- Алматы, 2014.- 348 б.
26. Жетпісбаева М.С. Мұстафа Шоқай және ұлттық тәуелсіздік мәселесі. Алматы, 2013.- 190 б.
27. Жолдасбаев С. История средневекового Казахстана [Мәтін]: Учебник для 7 класса. 2-е изд. / С. Жолдасбаев.- Алматы: Атамұра, 2012.- 232 с.
28. Жолмухамедова Н. В поисках прекрасного: Аль-Фараби и Ибн Сина [Текст]: Монография / Н. Жолмухамедова.- Алматы, 2014.- 200 с.
29. Ирмуханов Б. К вопросу о происхождении казахского народа и его государственности. Алматы, 2018
30. Кокебаева Г. Новейшая история стран Европы и Америки (1945-2014 гг.). Алматы, 2016
31. Келимбетов Н. Древние литературные памятники тюркских народов [Текст]: Учебное пособие / Н. Келимбетов.- Алматы: Раритет, 2013.- 424 с.
32. Кром М.М. Тарихи антропология [Мәтін]: Оқу куралы / М.М. Кром.- Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2020.- 204б
33. Кан Г.В. История Казахстана.-Алматы, 2013
34. Қамшыгер С. Қытайдың жаңа заман тарихы. Т 1,2,3 Алматы, 2014
35. Қапшышев А.К., Шайхығалиев Е.А. Дүниежүзі тарихы. Ежелгі және орта ғасырлар тарихы. 1-том: Оқу куралы. 3-томдық / Шайхығалиев Е.А. Қапшышев А.К.- Алматы: Бастау, 2017.- 328б.
36. Қуандық Е.С. Қазақ елінің тарихы.-Алматы
37. Қозыбаев М. Қазақстан тарихы(XX ғасырдың басы - бүгінгі күнге дейін) [Мәтін]: 9 сыныбына арналған оқулық / М. Қозыбаев.- Алматы: Мектеп, 2013.- 296 б.
38. Қазақстан тарихы шетел мұрағаттарында(XVIII-XX ғғ.): ақпараттық анықтамалық [Мәтін]. Т.6 / Құраст.: Б.Т.Жанаев.- Астана, 2012.- 295 б.
39. Қазақ хандығы құрылымындағы билер, Батырлар, Қожалар, жасауылдар, аталықтар және тархандар институты [Мәтін].- Алматы: Арыс, 2020.- 248 б.
40. Қайырғалиева Г. Қазақ қоғамындағы батырлар институты [Мәтін] / Г. Қайырғалиева.- Атырау: Атырау-Ақпарат, 2018.- 222б.
41. Құрманалин С. Кіші жүз және Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс(1847-1858 жж.) [Мәтін] / С. Құрманалин.- Орал: Полиграфсервис, 2019.- 256б.
42. Мажитов С.Ф. Историческая наука Казахстана: совр.сост.и тенд.развития.- Алматы, 2013
43. Материалы по истории древних тюркских народов III в. до н.э.- XV в н.э. [Текст]: Извлечения из источников / Сост.Б.Б.Ирмуханов.- Алматы, 2015.- 472с.
44. Нағымұлы Ш. Батыс өлке тарихының тағылымды беттері.-Ақтөбе, 2018
45. Сырымбетұлы Б. Қазақстан тарихы [Мәтін]: Оқу құралы / Б. Сырымбетұлы.- Алматы: ЖШС "Лантар Трейд", 2021.- 585б.
46. Старр Ф. Утраченная эпоха Просвещения. Золотой век Центральной Азии от арабского завоевания до времени Тамерлана, Алматы, 2017
47. Турдалиев А.О. Независимый Казахстан. Алматы, 2017
48. Шаханов М. Желтоқсан эпопеясы.-Алматы, 2013

3.4 Кешенді емтиханға дайындық бойынша білім алушыларға ұсыныстар

Кешенді емтихан арнайы Қазақстан тарихы (ежелгі заманнан қазіргі заманғы дейінгі кезеңдер), дүниежүзі тарихы (ежелгі заманнан қазіргі заманғы дейінгі кезеңдер), Деректану, музейтану, мұрағаттану пәндері негізінде арнайы құрастырылған сұрақтар бойынша білім алушының білім тереңдігін анықтау мақсатында жүргізіледі. Емтихан барысында білім алушыға билетінің сұрақтарына дайындалу үшін ұзақтығы 1 сағат беріледі.

Кешенді емтихан алдында арнайы шолу дәрістер кестесі жасакталып жүргізіледі.

Кешенді емтиханға кешігіп немесе белгілі бір себептермен қатынаса алмаған бітіруші түлек қайта тапсыру үшін мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасына арнайы өтініш жазады, комиссия шешім шығарады.

3.5 Мемлекеттік емтихан тапсыру нәтижелерін бағалау критерийлері

Қорытынды кешенді емтихан оқу процесінің маңызды және негізгі бөлігі болып табылады. Қорытынды кешенді емтиханды жоғары деңгейде тапсыру студенттің оқу бағдарламасын меңгеріп, үлгілі білім алғанына қарай теориялық білімінің деңгейін білдіреді.

Қорытынды кешенді емтихан тапсырар алдында оның аттестациясының төрағасы, құрамы және хатшысы бұйрықпен бекітіледі, ал барлық оқу жоспарлары мен бағдарламаларын орындаған студенттер қорытынды кешенді емтиханды тапсыруға жіберіледі.

Қорытынды кешенді емтихан арнайы пәндерден тұрады, мұнда студенттерге сұрақтарды алдын ала дайындайды және студенттерге әр пән бойынша шолу лекциялары оқылады, кенестер беріледі.

Қорытынды кешенді емтиханда билетте ауызша жауап беріледі. Студенттерге әр пән бойынша бір сұрақ беріледі, дайындалуға 1 сағат уақыт беріледі. Студент сұрақтың жауабын мөрленген қағазға алдын ала жазып алады, содан кейін студент аттестация төрағасына және оның құрамы туралы жауап береді. Сонымен қатар, билет сұрақтарына қосымша үш қосымша оқу бағдарламасы бойынша студентке сұрақтар беріледі.

Оқушының білімін бағалау кезінде келесі жағдайлар ескеріледі:

- сұрақтарға нақты, сапалы және жүйелі жауап беру;
- ғылыми, теориялық тұрғыдан өз ойын жүйелей білу;
- қойылған қосымша сұрақтарға нақты, сапалы және жүйелі жауап беру.

Бағаларды жинақтау саясаты:

№	Тапсырмалар	Жалпы ұпай %
1	Бірінші сұрақ	30
2	Екінші сұрақ	30
3	Үшінші сұрақ	30
4	Қосымша сұрақ	10
5	Барлығы	100

Қорытынды кешенді емтихан «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық немесе қанағаттанарлықсыз» деген бағамен баға қоюмен аяқталады. Әрине, студенттің жауабы, оның теориялық білімінің деңгейі ескеріледі.

Бағаның пайыздық мөлшерлемесі әріптік жүйе бойынша белгілерден тұратын сандық эквиваленттің тармақтарымен анықталады. Білім деңгейін әріптік жүйемен бағалау кезінде А (ең жоғары баға) және F (ең нашар баға) арасындағы ағылшын әліпбиінің әріптері қолданылады.

Он балдық жүйе бойынша есептелетін араб цифрымен 4,0-ден 1,0-ге дейінгі сандық эквиваленттер оң баға, 0 қанағаттанарлықсыз бағаның сандық баламасы болып табылады. Бағалаудың пайызы пайызбен анықталады. Сонымен қатар, 50%-дан 100%-ға дейінгі ұпайлар оң, ал 0%-дан 49%-ға дейінгі ұпайлар қанағаттанарлықсыз деп саналады. Дәстүрлі бағалау шкаласы «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз» қатарлары бойынша төрт балдық шкала бойынша қалыптасады. Балдық-рейтингтік әріптік жүйе барлық студенттерге қолданылады.

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық баламасы	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	өте жақсы
A-	3,67	90-94	жақсы
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	Қанағаттанарлықсыз
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0,5	25-49	
Fx	0	0-49	

Қорытынды кешенді емтихан кезінде бітірушінің жауабын бағалау кезінде комиссия респонденттің белгілі бір тарихи фактілерді қалай түсінетінін және олармен қалай әрекет етуді білетінін бағалайды, нақты тарихи мәселелерді талдайды, оның ойлауды, дәлелдеуді, белгілі бір позицияны қорғауды, анықтамаларды түсіндіруді біледі. Осылайша, есте сақтау мен түсінудің ақылға қонымды үйлесімі, оқу ақпаратын және ой жұмысын қарапайым жаңғырту қажет.

Қорытынды аттестаттауды тапсыру кезінде сақталуы тиіс келесі бағалау критерийлерін бөлуге болады:

- сұрақтарға жауаптардың мәнділігі (идеяларды, тұжырымдамаларды, фактілерді және т.б. дұрыс, анық және жеткілікті терең баяндау);
- жауаптың толықтығы және сонымен бірге негізделген қысқалығы;
- оқу ақпаратының жаңалығы, ғылыми және нормативтік дереккөздерді пайдалану және түсіну дәрежесі;
- теорияны практикамен байланыстыра білу, алған білімдерін ерекше жағдайларда шығармашылықпен қолдана білу;
- баяндау логикасы мен аргументі;
- сауатты пікір айту, мысалдар келтіру, аналогиялар келтіру;
- сөйлеу мәдениеті.

100- балдық жүйе	Дәстүрлі (төрт балдық) жүйесі	Бағалау критерийі	Бағалау критерийінің мазмұны
90 – 100	Өте жақсы	Құзыреттерді дамытудың жоғары деңгейі	Студент терең білім көрсетеді, күрделі есептерді шығара білу дағдыларын көрсетеді. Оқыған әдістер, тәсілдер және технологиялар

			негізінде мәселені/тапсырманы өз бетінше шеше алады.
70 – 89	Жақсы	Құзыреттердің даму деңгейінің жоғарылауы	Студент алған білімінің толықтығын көрсетеді, типтік есептерді толық көлемде шешу дағдылары мен дағдыларын көрсетеді.
50 – 69	Қанағаттанарлық	Құзыреттерді дамытудың негізгі деңгейі	Студент құзыреттердің құрамына кіретін жалпы білім, білік және дағдыларды көрсетеді, оларды қолдану туралы түсінігі бар, бірақ қателермен қолданады.
0 – 49 Игерілмеген құзыреттер	Қанағаттанарлықсыз	Мәлімделген құзыреттер игерілмеген	Студентте қажетті білім, білік, дағды жоқ немесе құзыреттілік құрамына кіретін білім, білік, дағдыны ішінара көрсетеді.

4. Мүгедектер мен денсаулық мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қорытынды аттестаттауды өткізу ерекшеліктері

Мүгедектер мен денсаулық мүмкіндігі шектеулі бітіруші студенттер үшін қорытынды аттестаттау психофизикалық даму ерекшеліктерін, жеке мүмкіндіктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып жүргізіледі. Жеке ерекшеліктері бар бітірушілерге қорытынды аттестаттау өткізу кезінде төмендегідей талаптар қамтамасыз етіледі:

- денсаулық мүмкіндіктері шектеулі емес білім алушылармен бірлесіп;
- білім алушыға оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті техникалық көмек көрсететін ассистенттің қатысуымен (жұмыс орнына отыру, қозғалуы, тапсырманы оқу және рәсімдеу, АҚ мүшелерімен қарым-қатынас жасау);
- білім алушыға оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті техникалық құралдарды пайдалана отырып;
- аудиторияда, әжетханада және басқа да орынжайларда білім алушының кедергісіз қолжетімділік мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ оның көрсетілген орынжайларда болуы (пандустардың, тұтқалардың, кеңейтілген ойықты есіктерінің, жеделсатыларының болуы/аудиторияның бірінші қабатта орналасуы, арнайы креслолар мен басқа да құрылғылардың болуы)

Денсаулық мүмкіндігі шектеулі білім алушының жазбаша өтініші бойынша ҚА-тапсыру ұзақтығы оны тапсырудың белгіленген ұзақтығына қатысты ұзартылуы мүмкін.

ДМШ білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне байланысты Университет қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде келесі талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді:

1. Зағиптар үшін:

- КА тапсыруға арналған тапсырмалар мен өзге де материалдар бедерлі-нүктелі Брайль шрифтімен немесе зағиптарға арналған мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар компьютердің көмегімен қолжетімді электрондық құжат түрінде ресімделеді не ассистент оқиды;

- жазбаша тапсырмаларды білім алушылар қағазда Брайль бедерлі-нүктелі кәріппен немесе зағиптарға арналған арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету бар компьютерде орындайды немесе ассистентке нұсқау береді;

- қажет болған жағдайда білім алушыға Брайльдің бедерлі-нүктелі грифтімен жазуға арналған жазбаша керек-жарақтар жиынтығы және қағаз, зағиптарға арналған мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар компьютер беріледі.

2. Нашар көретіндер үшін:

- КА тапсыруға арналған тапсырмалар мен өзге де материалдар үлкейтілген кәріппен ресімделеді;

- кем дегенде 300 люкс жеке біркелкі жарықтандыру қамтамасыз етіледі;

- қажет болған жағдайда білім алушыға үлкейту құрылғысы беріледі, білім алушыда бар үлкейту құрылғыларын пайдалануға жол беріледі.

3. Естімейтіндер және нашар еститіндер үшін, сөйлеу қабілеті нашар:

- ұжымдық пайдаланудағы дыбысты күшейтетін аппаратураның болуы қамтамасыз етіледі, қажет болған жағдайда білім алушыға жеке пайдаланудағы дыбысты күшейтетін аппаратура беріледі;

- білім алушының қалауы бойынша КА жазбаша формада өткізіледі.

4. Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдар үшін (жоғары аяқ-қолдардың қозғалыс функциялары ауыр бұзылған немесе жоғарғы аяқ-қолдардың болмауы):

- жазбаша тапсырмаларды білім алушылар мамандандырылған бағдарламалық жасақтамасы бар компьютерде орындайды немесе ассистентке айтады.

Денсаулығы мүмкіндігі шектеулі білім алушы КА өткізу басталғанға дейін 2 айдан кешіктірмей өзінің жеке ерекшеліктерін көрсете отырып, КА өткізу кезінде оған арнайы жағдайлар жасау қажеттілігі туралы университеттің Басқарма төрағасы-ректорының атына жазбаша өтініш береді. Өтінішке білім алушының жеке ерекшеліктерінің бар екенін растайтын құжаттар қоса беріледі. Өтініште білім алушы: КА-ға ассистенттің бөлу қажеттілігін/қажеттілігі жоқтығын КА қажеттілігін/қажеттілігі жоқтығын көрсетеді.